

Сапа саласындағы саясат

«Астана Моторс» құрамына кіретін, біздің Hyundai Trans Kazakhstan компаниямыз, дамудың келесідей жалпы ниеттері мен бағыттарын анықтады:

- отандық автомобиль өнеркәсібін қалыптастыру мен дамытуды;
- ел нарығын әлемдік жоғары сападағы, жаңа, қауіпсіз, сенімді автокөліктермен қамтамасыз етуді;
- жергілікті өнім үлесін біртіндеп өсіруді;
- жұмыскерлер қатарын машина жасау мамандарымен толықтыруды;
- ТМД мен жақын шетелдерге экспорт көлемін арттыруды.

Hyundai Trans Kazakhstan, міндетті түрде тұтынушылардың пікірлерін ескере отырып, процестік тәсілді, тәуекелге бағдарланған ойлауды және өндірістің барлық кезеңдерінде сапаны тексеру жүйелерін нығайтуды қолдана отырып:

- Кеден одағының техникалық регламенті (ТР ТС 018/2011) «Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы»;
- «Hyundai Motor Company»-дың сапа стандарттары;
- ҚР ISO 9001–2016 халықаралық стандарты (ISO 9001: 2015).

Талаптарын қатаң сақтай отырып, шығарылатын автомобильдердің сапасына, қауіпсіздігіне және сенімділігіне жауап береді.

Біздің компанияда сапа менеджменті жүйесі және аттестация бойынша оқыту жүргізу арқылы қызметкерлердің сапа саласындағы Саясат пен Мақсаттарды толық түсінуі қамтамасыз етіледі.

Директор



М. В. Тарасов